

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік медицина университеті

Факультет: Жалпы медицина

Группа: 113 а

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

*Тақырыбы: Б. Қаратаев - қазақстанның көрнекті қоғам
қайраткері*

Орындаған: Бахытжан Ұлан Миржанұлы.

Ақтөбе 2016

Жоспар:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

A) Қазақтың көрнекті тұлғасының өмір тарихы.

B) Қазақтың алғашқы заңгері, қоғам қайраткері.

III Қорытынды

Кіріспе

Тарихқа тағзым

*Қазақтың көрнекті тарихи тұлғасы
XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың
басында қазақ халқы саяси сахнаға
азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына,
ағартушылыққа шақырған ірі қоғам
қайраткерлерін шығарды. Сол ірі тарихи
тұлғалардың бірі – Бақытжан Бейсалыұлы
Қаратаев. Ол – қазақтың алғашқы заңгері,
қоғам қайраткері.*



**Бақытжан Бейсәліұлы
Қаратаев** (1860, Қаратөбе
ауданы, Ақбақай ауылы — 26
тамыз 1934,) - қоғам қайраткері,
заңгер, ағартушы-демократ

Тарихқа тағзым

Қазақтың көрнекті тарихи тұлғасы

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси сахнаға азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Сол ірі тарихи тұлғалардың бірі – Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаев. Ол – қазақтың алғашқы заңгері, қоғам қайраткері. Оның есімі 20 жыл бойы Ресей мен қазақ баспасөзі беттерінен түспей, қаламы «Айқап», «Қазақстан», «Орал», т.б. көптеген басылымдардың бағыт-бағдарына үлкен әсерін тигізген еді. Терең мағыналы публицистикалық мақалалары қазақ қоғамының көкейкесті мәселелеріне арналып, Ресей мұсылмандарының назарын аударған-ды. Өткір сынға толы, ашына жазылған мақалалары халықты азаттық пен бостандық идеяларына баулумен қатар, қазақ халқының рухани өсіп, шыңдалуына да өлшеусіз үлес қосты.



Бақытжан Бейсалыұлы Қаратаев 1860 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Ақбақай ауылында сұлтан Дәулетжанның отбасында дүниеге келген. Шығыс халықтарының дәстүріне сай, Бақытжанды оның атасы Бейсалы бауырына басып, өз атына жаздырған. Сондықтан ол барлық құжаттарда Бақытжан Бейсалыұлы болып сақталған. Ол жасынан зерек болып, әуелі ауыл мектебінде арабша сауат ашып, содан соң Орынбор азаматтық гимназиясында білім алады. Бақытжан мұнымен шектелмей, Санкт-Петербургтегі император университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Бұған себеп болған Санкт-Петербургтегі саяси жағдай жөнінен, дүние жүзіндегі саясаттан мағлұмат беріп отырған гимназия оқытушысының ықпалы еді.

Ол Санкт-Петербург император университетіне 1886 жылы оқуға қабылданып, 1890 жылы оны II дәрежелі фамилиясы жазылған алтын медальмен бітіріп шығады. Б.Қаратаев университетте оқып жүріп, студенттер қозғалысына, астыртын ұйымдарға араласады. Өзі сияқты білім іздеп келген көкірегі ояу қазақ жастарымен Санкт-Петербургте кездесіп, бір-бірімен тығыз байланысты болып, «Жерлестер» ұйымын құрады. 1880 жылдың ортасында Петербургте құрамында 1500 студенті бар 20 шақты «Жерлестер» ұйымы пайда болды. Олар - аймақтық, облыстық (мысалы: Сібір, Волга бойы, т.б.) болып бірігіп, студенттерден жарна жинап, өзара көмекке мұқтаждарға қол ұшын берді. Университетте Бақытжан Қаратаевпен бірге Жансұлтан (Жанша) Сейдалин; Барлыбек Сырттанов, т.б. азаматтар оқыды. Ешқандай қоғамдық ұйымға мүше болмайтындығы жөнінде қолхаты бола тұрса да, студент Қаратаев өзінің университет қабырғасындағы алып жатқан білімімен шектеліп қоймай, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтармен бірге болып, демократиялық озық ойлы идеяларды бойына сіңіре білді. Оның жинаған білімі, көрген-білгенінен терең мағыналы мақалалар жазуға («Айқап», «Қазақстан», «Орал»), қазақ қоғамының көкейкесті мәселелерін шешуге жетеледі. Қазақ халқының рухани өсіп-шыңдалуына септігін тигізуге өлшеусіз үлес қосты.

Бақытжан Қаратаевтың біліміне, туа біткен дарынды тұлғасына патша өкіметінің чиновниктері назар аударып, оны Санкт-Петербургке қызметке қалдырған. Оның білімін, жеке басының ерекшеліктерін отарлық саясатты жүргізу ісіне пайдалану - басты мақсат еді. Бірақ, Ресей астанасында үлкен қызмет атқарып жүріп, Бақытжан Қаратаев «халықтар түрмесі» атанған Ресейдің шет аймақтарында жүргізіп отырған орталық саясаты, зорлық-зомбылығымен, жерді талан-таражға салып жатқан әрекетімен ымыраға келе қоймады. Оларға аймақтағы өз ұлтының құқығын қорғап, мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қайраткер қажетсіз еді. Демек, одан тез арада құтылудың амалын ойластырған патша чиновниктері оны арнайы тағайындаумен Санкт-Петербургтен алысырақ аймаққа - Грузияның Кутаиси қаласына тергеу жүргізу қызметіне ығыстырып тастайды. Жеті жылдай сыртта жүрген Қаратаев ақырында өзінің туған Орал топырағына оралады.

Өз мамандығы бойынша халық құқығын қорғау мақсатында адвокат болып орналасады. Патша чиновниктерінің қазақ даласында жергілікті халыққа қарсы жүргізіп отырған озбырлық саясатына, адам құқықтарын аяққа таптаған әрекеттеріне қарсы үн көтереді. Ел ішіндегі дау-жанжалдарды әділдікпен шешіп, жұртшылықтың ризашылығына бөленіп, үлкен саяси беделге ие болды. Қарапайым халық мүддесін патша өкіметі чиновниктерінің заңсыз әрекеттерінен қорғап, орнатылған тәртіпке наразылық білдірген Бақытжан Қаратаев енді «сенімсіз» адам ретінде таныла бастайды

Б.Қаратаевтың қазақ халқын, оның жері мен суын, азаматтарының құқық қорғауға бағытталған іс-әрекет, қызметі бірінші Орыс революциясы кезінде ерекше байқалды. Ендігі жерде Бақытжан Қаратаев халықтың шекесіне қатты батқан жер мәселесіне ерекше көңіл бөлді. 1905 жылы шілде айында орыс қоныс аударушылары мен казактарының қазақ жерін талан-таражға салып жатқан әрекетін тоқтату мақсатында Санкт-Петербургке барып, Орал, Орынбор облыстарынан арнайы келген делегацияны патшаның тікелей қабылдауында болатындай етіп ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Бұл делегацияның құрамына: С.Б.Кейкин, М.Қайдаров, Д. Тоқбаев, С.Алдияров, Д.Мусин, хазірет Ғ.Есмұхамбетов, молда М. Меңдіқұлов, судья А.Бірімжанов, сот мүшесі Ж.Сейдалин сияқты аймаққа танымал болғандар кірді. Бақытжан Қаратаевтың өзі басқарып барған бұл делегация қанша іс-әрекет жасағанмен, ақ патшаның тікелей қабылдауында бола алмайды, елге өкінішпен оралды. Бұл оқиға Бақытжан Қаратаевтың монархиялық режимге деген наразылығын одан сайын арттырып, әріптестерімен бірге патша өкіметіне қарсы белсенді үгіт-насихатын күшейте түсті.

«Халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтай білетініне сенген Орал облысының жұртышылығы Бақытжан Қаратаевты екінші мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлайды. «Шора» деп аталатын басылым Думаға сайланған қазақ депутаттары хақында сол кезде мынадай мәлімет береді: “Мемлекеттік екінші Дума 1907 жылдың 20 ақпанында ашылды. Оған 34 мұсылман қатысты. Олардың ішінде: Шаһмардан Қосшығұлов (Ақмола), Темірғали Нұрекеев (Семей), Бақытжан Қаратаев (Орал), Ахмет Теміржанов (Торғай), Тілеулі Алдабергенов (Сырдария), Хайролла Ғұсманов (Орынбор) болды...”

Бақытжан Қаратаев 1907 жылғы 3 сәуірде Мемлекеттік Дума құрған аграрлық комиссияның мүшесі болып бекітіледі, ал 16 мамырда Мемлекеттік Думаның 39 пленарлық мәжілісінде патша өкіметінің аймақтағы, әсіресе Қазақстанда жүргізіп отырған орталық саясатын батыл әшкерелеп, сөз сөйлейді. Кейінірек В.И.Лениннің өзі Дума мінбесінен сөйлеген депутаттардың ішінен Бақытжан Қаратаевтың сөзіне ерекше тоқталып: “Большевиктік, революцияшылдық, социал-демократтық бағыттарға сәйкес...” деген баға берген. Оның мәні жер иеленушілердің меншік құқын күшпен тәркілеу арқылы айыру және тартып алған жерді орыс шаруаларына беру болды.

1911-1913 жылдары Бақытжан Қаратаев алғашқы кезеңде Орда, содан кейін Орал қаласында Елеусін Бұйрин, Ғұмар Қарашевтармен бірігіп, «Қазақстан» газетін шығаруға мол үлес қосты. Газеттің идеологиялық бағыт-бағдары мен мазмұнын белгілеуде Бақытжан Қаратаев өлшеусіз үлес қосты. Соның нәтижесінде «Қазақстан» газеті ағартушылықтың жаршысы, әлеуметтік прогресс пен жаңару идеясын жаңа заман ағымына сай уағыздаған демократиялық мазмұндағы басылымдардың біріне айналды. Ол сонымен қатар, 1911-1914 жылдар аралығында «Айқап» журналында: М.Сералин, Б. Сырттанов, Ж.Сейдалин, Р.Мәрсеков сияқты қайраткерлердің тез арада жалпы қазақ съезін шақыру туралы идеяларын қолдап, оны өткізуді белгілеген тәртіп бойынша патша өкіметінен арнайы рұқсат алу арқылы жүзеге асыруды талап етеді. Ондағы мақсаты - ат төбеліндей қазақ зиялыларын қуғыннан, жазалаудан сақтап қалу еді.

Қазақ даласын 1916 жылдың дүр сілкіндіргені тарихтан мәлім. Маусымның 25 жұлдызындағы патша өкіметінің жарлығы ел арасында наразылық тудырды. Пара мен ақшаға белшесінен батқан орыс чиновниктері мен болыстары бір-бірімен ауыз жаласып, жастары 19-ға толған немесе 40-тан асқан ауру-сырқау немесе пара бере алмаған қазақтарды қосақтап байлап, Ресей майданының қара жұмыстарына беріп жатты. Мұндай озбырлық әрекеттерді өз көзімен көрген Бақытжан Қаратаев тез арада Жанша Сейдалинмен бірге «Қырғыздар туралы естелік жазбалар» деп аталатын хатты Ресей өкіметінің атына жолдайды. Хатта олар тез арада озбырлық әрекетті тоқтатуды жан дауыстарымен талап етеді.

Қазақтың үлкен екі азаматы деген Бақытжан Қаратаев пен Жанша Сейдалиннің бастарын қатерге тігіп, патша жарлығының заңсыздығын дәлелдеп, қатаң сынға алуы ерлікпен бірдей еді.

Б.Қаратаев социал-демократ большевиктердің мүшесі ретінде партия билетін алды. Ол большевиктердің «Жер шаруаларға берілсін!», «Зауыттар жұмысшыларға!», «Билік - Кеңестерге!» деген сияқты тартымды ұрандарының арбауына түсіп, Кеңес өкіметінің жағына өтті.

1918 жылы 15 сәуірде ақ казактар Орал облысында Кеңес өкіметін құлатып, большевиктердің комиссарларын тұтқынға алды. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев та болды. Түрмеден ол тек 1919 жылы 24 қаңтарда В.И. Чапаев дивизиясының көмегімен босанып, өлім жазасынан құтылады.

Ол кеңес өкіметі жағында бар болғаны екі жыл болды.

Большевиктердің Кеңес өкіметін орнатуда қазақ халқына қарсы жасаған зорлық-зомбылығы, қырып-жоюға бағытталған саясаты, социализм идеясын күшпен енгізумен: дінінен, әдет-ғұрпынан, тілінен бездіретін және мәңгүрттікке айналдыратын ілімнің астарын, мақсатын дер кезінде түсіне білді.

1921-1924 жылдары ол Ақтөбе қаласында адвокаттардың губерниялық коллегиясының төрағасы қызметін атқарды. Езілген халықтың құқыын қорғау жолында көп еңбек сіңірді.

Қартайған шағында Бақытжан Қаратаев қазақ жастарына өзінің өмірлік бай тәжірибесін дәріс оқумен бөліседі. Б. Қаратаев 1934 жылы 26 тамызда Ақтөбеде дүниесін салды.

“Тарихта із қалдырған қайраткерлерді танып-білу - әр қоғамның рухани деңгейінің көрінісі” - деп білеміз. Сондай-ақ Б.Қаратаевтың 130 жылдығына орай, 1989 жылы кейінгі ұрпақтары Саралжын орта мектебінің алдына ағаш отырғызып, аты-жөндерін жазып қалдырған-ды. Сол жылы мектепке Б.Қаратаев есімі берілді. Осы мектептен содан бері де қаншама шәкірттер тәрбиеленуде. Соның айғағы - аталмыш мектептен түлеп ұшқан қазіргі таңда тарих ғылымымен айналысып жүрген: Тастаев Кеңес, Сүлейменов Амантұрлы, Жақсығалиев Жаңабек, Меңдіғалиев Дамир сынды азаматтарымыз өз елдерінің рухын биіктетіп, адал қызмет атқарып келеді. Бақытжан Қаратаев есімі Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, өзінің барлық білімі мен тәжірибесін еңбекші халық үшін жұмсаған абзал азаматы ретінде жерлестерінің жадында мәңгі сақталуы тиіс!

Орынбор гимназиясын бітіргеннен кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі.

1890 ж. оны 2-дәрежелі алтын медальмен үздік бітіреді.

Петербургта, Кутаисіда, Орынборда тергеуші болып істейді. 1897 жылдан Оралда, Қаратөбеде, Жымпитыда адвокат болды.

1907 ж. 2-Мемлекеттік Думаға кадеттер тобынан Орал облысынан депутат болып қатысып, жер-су мәселесі бойынша қазақ халқының мүддесін қорғап сөз сөйлеген.

Ол өзін большевиктер партиясыныңқатарындамын деп есептеді.

1907-16 жылдары азартушылық жұмыстармен айналысып, «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға көмектеседі.

1918 ж. Орал облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды.

1918 ж. наурызда «әскери үкімет» бүлік ұйымдастырып, облыстық кеңес мүшелерін, (ішінде Қ. та бар) тұтқынға алды.

1919 жылы 24 қаңтарда Чапаев дивизиясы босатып, кейін ол Орал облысы ревкомның құрамында ұлттар коллегиясын басқарды.

1919 ж. 24 шілдеде Қазәсревкомның мүшелігіне тағайындалды.

1920 ж. 4-12 қазанда Орынборда өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық 1-съезіне делегат болды. Мұнда қабылдаған Қазақ АКСР-і еңбекшілерінің құқығы туралы декларацияның жобасын дайындауға қатысқан.

Қазақ АКСР-інің заң комиссары болды. Кеңестердің 2-Бүкілқазақстандық съезіне де делегат болып қатысты



1905 жылы түсірілген мына суретте қазақтың сол тұстағы және болашақтағы қайраткерлері бейнеленген. Бірінші қатар, ортада Бақытжан Қаратаев XIX ғасырдың 80-жылдарының соңында қазақ даласында қоныс аударушыларға жер бөлу саясатының салдарынан қазақтар адам төзгісіз қиындықтарды бастан кешірді. Міне, осындай шиеленісулер отаршылыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыстың туындауына әкеп соқтырды. Бұл қоғамдық қозғалыстардың басында сол замандағы көзі ашық, көкірегі ояу Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералин, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Ғұмар Қарашев сынды көптеген зиялының қатарында Бақытжан Қаратаев та бар еді.